

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 81 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 8-бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" № 378 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Өзгерістердің 4-тармағының "а" тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтарында көзделген ережелер (осы Шешімге қосымша) 2018 жылғы 14 наурыздан бастап туындайтын құқықтық қатынастарда қолданылады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 22 мамырдағы
№ 81 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Тауарларды өткізу ерекшеліктерінің сыныптауышы (2-қосымша) мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"176	"Байқоңыр" кешені аумағына немесе оның аумағынан өткізілетін тауар (Ресей Федерациясы үшін)".
------	---

2. Кедендік төлемдерді төлеу жөніндегі жеңілдіктердің сыныптауышында (7-қосымша):

а) 1.1-кіші бөлімшеде:

ТВ коды бар позициядағы "2015 жылғы 1 қаңтар – 2017 жылғы 31 желтоқсан аралығында" деген сөздер "және Қырғыз Республикасына 2018 жылғы 1 қаңтар – 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығында" деген сөздермен ауыстырылсын;

ВЛ коды бар позициядағы "400 тоннадан аспайтын көлемде 2017 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде Қазақстан Республикасына" деген сөздер "300 тоннадан аспайтын көлемде Қазақстан Республикасына 2018 жылғы 1 қаңтар – 2019

жылғы 31 желтоқсан аралығын қоса алғандағы кезеңде және жыл сайын 150 тоннадан аспайтын көлемде Ресей Федерациясына" деген сөздермен ауыстырылсын;

СЗ коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Ресей Федерациясының аумағына Ямал түбегіндегі Оңтүстік-Тамбей газ конденсаты кен орнының сұйытылған табиғи газын өндіру жөніндегі зауытты салу және пайдалану жобасын іске асыру мақсаттары үшін әкелінетін, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 2 шешімімен бекітілген тізбеге енгізілген тауарларға қатысты кедендік әкелу бажын төлеуден босату	ГЯ";
---	------

б) 3.4-кіші бөлімнің 3.4.2-тармағында:

ПЧ коды бар позиция алып тасталсын;

ИТ коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Заңды тұлға инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жасалған арнайы инвестициялық келісімшарт шеңберінде еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырған көлік құралдарының және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының құрамында шикізатқа және (немесе) материалдарға қатысты ҚҚС төлеуден босату	СД";
---	------

3. Құжаттар мен мәліметтер түрлері сыныптауышының 9-бөлімі (8-қосымша) коды 09041-позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"09990	Кедендік бақылау жүргізу нәтижелері бойынша кеден органдары жасаған, осы сыныптауышта аталмаған құжаттар".
--------	--

4. Алынуы кеден органдарына жүктелген салықтар, алымдар және өзге төлемдер түрлерінің сыныптауышында (9-қосымша):

а) 1-бөлімде:

кодтары 2012 және 2013-позициялар алып тасталсын;

коды ХХХ1 позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"Төлем төлеу мерзімін ұзартқаны үшін пайыздар	ХХХ2****
Төлем төлеу мерзімін кейінге қалдырғаны үшін пайыздар	ХХХ3****";

мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"2015 жылғы 29 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге сәйкес қолданылатын триггерлік қорғау шарасы	2110";
---	--------

б) 2-бөлімде:

атауындағы "кеден ісі туралы" деген сөздер алып тасталсын;

2.2-кіші бөлім алып тасталсын;

2.3-кіші бөлім коды 3050-позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Жекелеген келісімдер шеңберінде Ресей Федерациясының аумағынан Беларусь Республикасының аумағы арқылы көлік құбыры көлігімен әкелінетін шикі мұнайға кедендік әкету бажы	3060";
---	--------

2.4-кіші бөлімнің 2.4.11-тармағында:

коды 4180-позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"Қозғалтқышының қуаты 112,5 кВт жоғары (150 л.с.) және қоса алғанда 147 кВт дейін (200 л.с.) жеңіл автомобильдерге акциз	4300
Қозғалтқышының қуаты 147 кВт жоғары (200 л.с.) және қоса алғанда 220 кВт дейін (300 л.с.) жеңіл автомобильдерге акциз	4310
Қозғалтқышының қуаты 220 кВт жоғары (300 л.с.) және қоса алғанда 294 кВт дейін (400 л.с.) жеңіл автомобильдерге акциз	4320
Қозғалтқышының қуаты 294 кВт жоғары (400 л.с.) және қоса алғанда 367 кВт дейін (500 л.с.) жеңіл автомобильдерге акциз	4330
Қозғалтқышының қуаты 294 кВт жоғары (500 л.с.) жеңіл автомобильдерге акциз	4340";

коды 4190-позициядағы "Қозғалтқышының қуаты 112,5 кВт жоғары (150 л.с.) жеңіл автомобильдер" деген сөздер алып тасталсын;

2.5-кіші бөлім алып тасталсын;

2.7-кіші бөлімде:

кодтары 9080, 9090, 9910, 9920, 9930, 9940, 9950 және 9960-позициялар мынадай редакцияда жазылсын:

"Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету, оған ақшалай кепілмен енгізілетін осындай қамтамасыз ету кірмейді	9080
Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ретінде енгізілген ақшалай кепіл	9090
Кедендік өкіл ретінде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету	9910
Кедендік тасымалдаушы ретінде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету	9920

Уақытша сақтау қоймасының иесі ретінде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету	9930
Кедендік қойма иесі ретінде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету	9940
Бажсыз сауда дүкенінің иесі ретінде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету	9950
Уәкілетті экономикалық оператор міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету	9960";

коды 9960-позициялан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Еркін қойма иесі ретінде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету	9970";
--	--------

коды 9100-позициядағы "ақшалай қаражат" деген сөздер "ақшалай кепіл" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) 3-бөлімде:

атауындағы "кеден" деген сөз алып тасталсын;

3.2 және 3.5-кіші бөлімдер алып тасталсын;

г) 4-бөлімде:

4.1-кіші бөлімдегі коды 1039-позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"Алдын ала шешім қабылданғаны үшін кедендік алым	1039";
--	--------

4.4-кіші бөлім¹ алып тасталсын;

4.5-кіші бөлімдегі коды 9350-позиция алып тасталсын;

д) 6-бөлімнің 6.4-кіші бөлімі алып тасталсын.

5. Валюталар сыныптауышында (23-қосымша):

а) коды 440-позиция "3" деген сілтемемен толықтырылсын;

б) коды 478-позиция "4" деген сілтемемен толықтырылсын;

в) коды 478-позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"929	MRU	Угия";
------	-----	--------

г) коды 678-позиция "4" деген сілтемемен толықтырылсын;

д) коды 678-позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"930	STN	Добра";
------	-----	---------

е) коды 950-позициядағы "3" деген сілтеме "5" деген сілтемемен ауыстырылсын;

ж) коды 952-позициядағы "4" деген сілтеме "6" деген сілтемемен ауыстырылсын;

з) сілтемелерде:

2-сілтемеден кейін мынадай мазмұндағы сілтемелермен толықтырылсын:

"3 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылмайды.

⁴ 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылмайды.";

"3" және "4" деген сілтемелердің белгілері тиісінше "5" және "6" деген сілтемелердің белгілерімен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК